

**Сарқан ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы**

Жетісу облысы Сарқан аудандық мәслихатының 2024 жылғы 12 қаңтардағы № 18-77 шешімі

Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 365-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 377 "Халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24382 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Сарқан ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сарқан ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сарқан аудандық мәслихатының төрағасы*

*М. Разбеков*

Сарқан аудандық мәслихатының 2024  
жылғы 12 қаңтардағы №18-77  
шешіміне қосымша

**Сарқан ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер**

№ р/с	Атауы	Есептеу бірлігі	Қызмет құны, теңге
1.	Жеке тұлғаларға	тұрғын/айына	156
2.	Бір бірлігіне (көлеміне) жылдық тариф	1 м3	1245